

IMPORTANCE OF SKILL CREATING IN PROFESSIONALS FUTURE EDUCATION PROCESS

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ІЗГІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Kiyakbayeva Ulbosin KOZIBAYEVNA

Prof.Dr., Abai Kazakh National Pedagogical University, kyakbaeva@mail.ru



Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің адамзат баласының жеке тұлғалық сапалық қасиеттерінің қалыптасуына ықпалы бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Ол туралы «Адам құқығы конвенциясында», қоғамымыздағы демократиялық жаңғыруларға сай жалпы азаматтық ұлттық құндылықтарға, адамгершілік ойларға негізделген «Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім беру» тұжырымдамасында» (1996ж.) және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында (2007ж.) қарастырылады. Білім берудің маңызды мақсаты – адамды әдеттегі үйреншікті сана-сезім шеңберінен алып шығып, мәдениеттің биік деңгейіне көтеру, өз гуманистік дүниетанымы мен адамзат табыстарына негізделген өзіндік сенім көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік тудыру, жеке тұлғаның ізгілік қасиеттері мен мәдениеті арқылы өркениетті көтеруін көздейді.

Жеке тұлға тәрбиесін ізгілендіру - бүгінгі заманның басты талабы. Гуманизмнің негізі және оның тәлім-тәрбиелік маңызы туралы құнды ой-пікірлер туралы қазақ даласындағы ұлы ғұламалар әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қ.А.Ясауи және т.б. ағартушылар Ы.Алтынсариннің, Ш.Уәлихановтың, А.Құнанбаевтың, қазақ зиялылары Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев т.б. болашақ ұрпақты адалдық, парасаттылық, шыншылдық сынды қасиеттерге тәрбиелеудегі халық даналығын жоғары бағалағандығы және соған талпынғаны да аңғарылады.

Мектеп оқушыларына ізгілік тәрбие беру мәселесін зерттеуде Ш.Амонашвилидің ауқымды үлесін және жеке тұлғаны тәрбиелеу мен оның психологиялық жағы Л.М.Божович және т.б. ғалымдардың еңбектерінде баяндалған. Оқу-тәрбие үдерісін гуманизациялау туралы көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өздерінің зерттеулерінде ізгілік қасиеттердің, қарым-қатынастардың қалыптасуы мен дамуы, олардың заңдылықтары мен қалыптасу әдістерін қарастыру педагог-ғалымдардың назарынан тыс қалмады. Оқушыларда ізгілік қасиеттерді қалыптастыру мәселесіне қатысты А.А.Бейсенбаева мектеп білімін ізгілендірудің теориясы мен практикасы, Ш.С.Ахимбекова мектеп өмірінде мектеп кеңесін ізгілендіру іс-әрекеттері, Г.Ерғалиева рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде студенттердің өзін-өзі тәрбиелеудің педагогикалық шарттары бағытындағы ғылыми-зерттеулерде рухани-мәдени дамуымыздағы тәлім-тәрбиенің мәні ғылыми тұрғыда қарастырылған. Өсіп келе жатқан кейінгі ұрпақты мәдениетті, парасатты, білікті, көргенді, көрегенді етіп тәрбиелеу, олардың дүниетанымын жоғары деңгейге көтеру, қоғамды ілгерілету үдерісінде адами ізгілік қасиеттерін дамытуға үлкен мән беру, ұлттық намысы жоғары ұлтжанды өкілдерді тәрбиелеу ісі ұстаздарымыздың еншісінде екендігі айқын десек те, бұл міндеттердің өмірлік практикада толық мәнді жүзеге

асырылмай жататыны да белгілі. Олай дейтініміздің бір себебі, мектеп мұғалімдері мәртебесінің өз дәрежесінде қоғамдық ортадан көрініс таппауы.

Қазіргі кезде білімнің беделі төмендеп, мәдениеттің, рухани байлықтың мәртебесі құнсызданып отырған жағдайда А.А.Бейсенбаева бұл гуманитарлық мәселені шешудегі негізгі тұлға – мұғалімге үлкен мән береді және «Себебі білім беруді гуманитарландыруда педагог маманның мәртебесін көтеру елімізді өркениетті мемлекеттер деңгейіне жеткізудің басты шарты деп есептейміз» - деп біледі. Педагог-ғалымның бұл пікірі құптарлық ой десек те, оның қамтама-сыз етілуі бірқатар зерттеулердің, жұмыстардың атқарылуын талап етеді.

Педагогикалық жүйеде педагогтың атқарар рөлі, алатын орны өте жоғары екендігі белгілі. Ол жөнінде қазақ ағартушылары және жазушы педагогтары Ы.Алтынсариннің, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың және басқалардың айтқан пікірлерінің мәні өте зор. Мұғалім туралы қазақтың аса көрнекті қайраткері, ақын, аудармашы, лингвист-ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керегі білімді, әрі педагогика, әдістемеден хабардар, оқытып білетін мұғалім» деп баға бергені бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ.

Мұғалім және оның педагогикалық іс-әрекеті жөнінде кезінде көптеген ғұламалар, педагог ғалымдар өздерінің пікірлерін жазып қалдырған. Атап айтар болсақ: Ян Амос Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци т.б. Кеңес дәуірінің ірі педагогі А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский балалармен күнделікті қарым-қатынаста болу адамға деген сүйіспеншілікті, сенімділікті арттыратындығын жазған.

Мұғалім мамандығын даярлау – қашан да педагогиканың көкейкесті мәселесінің бірі және солай қала береді де. Оның себебінің бірі ретінде ғылым мен техниканың, ел экономикасының дамуы мен әлеуметтік өмір сүру жағдайының жоғарылауына және т.б. байланысты білім мен тәрбие ісінің өзгеруін, соған сәйкес жаңа тұрпатты мұғалімді даярлау ұдайы өзгерісте болуын айтуға болады.

Қазіргі кезде жоғары мектеп педагогикасы жоғары білімді мамандарды даярлауды жүзеге асырумен айналысуда. Жоғары білімді мамандарды даярлау негізгі нормативтік құжат - стандарт шеңберінде жүзеге асырылатыны белгілі. Зерттеу міндеттеріне тән болашақ педагог-психологтарды дайындауда нормативтік құжаттар басшылыққа алынады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Гуманизм адамға деген ізгі ниет, сүйіспеншілікпен қарайтын адамгершілік қасиет» ретінде қарастырылады. Ал, «Гуманитарлық» ұғымы «.. халықтың мәдениеті мен тарихын терең зерттеуге бейім қоғамдық ғылымға қатысты ғылым» болып табылады.

Философиялық сөздіктегі анықтамада: «Гуманизм – адамның қадір-қасиеті мен құқығын құрметтеуді, оның жеке тұлға ретіндегі адамның игілігіне, оның жан-жақты дамуына, адам үшін қолайлы қоғамдық өмір жағдайын жасаған қамқорлықты білдіретін көзқарастың жиынтығы», - деп тұжырымдалған.

Педагогика және психология қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «гуманизм (лат-gumanus – адамгершілік) – дүниетаным үдерісі. Оның негізінде адамның мүмкіншілігінің шексіздігіне өзін-өзі дамыту қабілетіне деген сенімі мен ерік бостандығын, абыройын қорғау, адамның бақытқа жету жолындағы құқығы мен оның барлық сұраныстарын қамтамасыз ету қоғамның түпкілікті мақсаты мен мұраты жатады» - деп анықтама берген. *Гумандық* ұғымын сипаттауда ғылымдар арасында бірізділік көрінісі кездесе бермейді. Бұл салалық ғылымдарға ғана қатысты емес, түрлі дәуірдегі түрлі көзқарастарға да тән. Сондай-ақ гуманизм адамға деген ізгі ниет, сүйіспеншілікпен қарайтын адамгершілік қасиет ретінде қарастырылса, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «ізгі – адал, ақ, игі», «ізгілік – жақсылық, адалдық, игілік» деген мағына беретіндігі жөнінде айтылады. Қ.Т.Әтемова, М.Ералиева, Г.Ерғалиева, т.б. ғылыми-зерттеу еңбектерінде «ізгі», «ізгілік», «ізгілендіру», «гуманизм» т.б. ұғымдарға қатысты зерттеулер көрініс тапқан.

«Гуманизм» ұғымы көне түркі әлемінде «жәуанмәртлік» термині аясында қарастырылып келгенін байқадық. «Жәуанмәртлік» ұғымы парсы халқының «жувонмард» сөзінен шыққан «жувон» - жігіт, ал «мард» - жомарттықты, қайырымдылық пен кішіпейілділікті, яғни ұнамды қасиеттер жиынтығын білдіреді.

Бұл бағытта А.А.Бейсенбаева, Ж.Таубалдиева, т.б. педагог-ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ аталған мәселе бағытын зерделеу мен оны оқытуда «гумандық педагогика» жөніндегі ойлар туындауда.

«Гуманистік педагогика» ұғымы жөнінде педагогикалық еңбектерде түрліше беріледі. Мәселен, мұғалімдер мен жалпы білім беретін мекеме басшыларына арналған психологиялық-педагогикалық сөздікте: «Гуманистік педагогика АҚШ-та XX ғасырдың 60-жылдары гуманистік психологиялық идеяны педагогикалық іске асырушы ретінде туындаған тәрбие теориясы мен практикасындағы заманауи бағыт» ретінде анықталады. Гуманистік педагогиканың философиялық-идеологиялық бағдары жаңа тәрбие және «прогрессивизм» идеяларына жақын. Гуманистік педагогиканың зейін ортасында бірегей жеке тұлға тұрады. Гуманистік педагогика - өзінің мүмкіндігі бойынша дамушы, оқу-тәрбие үдерісінде белсенді, саналы, тең құқылы қатысушы ретіндегі тәрбиеленуші мақұлдайтын ғылыми теориялар жүйесі ізгілік педагогиканың практикалық аспектісі ретінде Ш.А.Амонашвилидің, Ш.Майғаранованың еңбектерін атауға болады.

Гуманистік психология жөнінде педагогикалық және психологиялық сөздікте: «Гуманистік психология – психологияның ең басты пәні бірегей біртұтас жүйе болып табылатын тұлға болуға тиіс деп есептейтін бағыт. Гуманистік психологияның өкілдері «шын мәнінде ол адамның асқан қажетсінулерін, адамның өзін-өзі кемелдендіруін, білім алуын, эстетиканы зерделейтін ғылым болуға тиіс деп есептеді» - деп берілген. Педагогикалық еңбектерде тәрбие үдерісінде тәрбиені гуманизациялау қағидасы ретінде жеке дара да қарастырылады. Болашақ мұғалімдерді даярлау мазмұны ізгілік қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндіктерінің мол екендігін көрсетеді. Оның ішінде «Өзін-өзі тану», педагогикалық және психологиялық пәндер кешенін атауға болады.

Педагогикалық еңбектерде қалыптастыру, «қалыптасу» термин ретінде қолданыс табады. Мәселен, педагогика және психология бойынша қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігінде: «*Қалыптастыру* – баланың қоғамда өздігінен өмір сүруге қабілеттілігін, өзінің тағдырына өзі үкім ете білуін және өз мінез-құлқын жөнге сала білуін, сондай-ақ дүниемен өзінің қарым-қатынасын түсінуін меңгерту» десе, «қалыптасу» – үйлесімді мінез-құлықты біртіндеп жасау, көңілдегі нәтижеге жақындайтын кезектес қадамдарды бекіту арқылы мінез-құлықтың қарапайым моделін күрделі модельге өзгертеді» - деп түсінік беріледі. Бұл мазмұндаулардан сыртқы факторлар ықпалынан ішкі мазмұнның өзгеруін түсіну керектігі көрінеді. Жалпы қарағанда «қалыптастыру» ұғымы сыртқы факторлар арқылы ішкі сапалық қасиеттерді орнықтыруда көрініс табатындығын сипаттайды. Ал «қалыптасу» болса, негізінен ішкі факторлар арқылы жүзеге асырылатын іс-әрекет нәтижесі ретінде көрінеді. Оны жеке тұлға тұрғысынан қалыптану деп те қарауға болады.

«*Қалыптану*» ұғымы адамның қалыптасу үдерісі, оның адами бейнеге ие болуы, білім мен мәдениетке ұмтылысы мағынасында Ежелгі грекияның атақты пайдейясынан (б.э.д. V-IV ғ.ғ.) бастау алады. «Антик сөздігінде» пайдейяға жалпы алғанда – қалыптану дегеніміз – адамның бүкіл қабілеттері мен мүмкіндіктерін жүзеге асыратын тәндік және руханилық жағынан үйлесімді түрде қалыптасуы» ретінде қарастырылады. Қалыптану - Әл-Фарабидің ойынша, шынайы ізгілік пен бақытқа апаратын адамның адамгершілік және ақыл-ой дағдыларын қалыптастыруда сенімді басшылық жасайды. Оның үйлесімді дамыған тұлға және кемелденуге қол жеткізу туралы ілімі адамның нағыз рухани азат болуына ықпал етеді. Әрі ғалым, әрі энциклопедист Әл-Фараби оқыту, тәрбиелеу, мадақтау, мақтау, бетіне басу, мәжбүрлеу, бақыт, білім, дағдылар, әдеттер, қабілеттер және т.б. педагогикалық

категорияларға баса назар аударды. М.Жұмабаев «Адамға қалай да болса, қашан да болса пайда келтіретіндей ой, ләм іс ізгілік» - деп атап көрсеткен. Ізгілікке ұмтылу жауыздықтан безу адам жаратылысының өзінде бар нәрсе. Кімде-кім өзін, туыстарын, өз елін сүйсе, әсіресе, бүткіл адам баласын бауырым деп білсе, сол адамды ізгі деп атаймыз, өзін-өзі соқыр сезіммен мал да сүйеді дей отырып, адамның адам болуы үшін өзін сую, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүюі шарт екендігіне тоқталған.

Сонымен біздің ойымызша, *«ізгілік қасиеттер дегеніміз – адамның ізгі іс-әрекетін сипаттайтын жақсы әрекеттерден, жағымды белгілерден тұратын мінез-құлық сапалары»*. Ізгілік қасиеттерді Қ.Әтемованың зерттеуіне сәйкес жеке тұлғалық жақсы мінез-құлықты, жеке тұлғалық мазмұндық, жеке тұлғалық іс-әрекеттік қасиеттер тұрғысынан қарастыру жөн.

Ал біз зерттеуімізде болашақ мұғалімдердің, соның ішінде педагог-психолог мамандарының кәсіби іс-әрекетіне қатысты ізгілік қасиеттерінің мазмұны мен құрылымы төмендегілерден тұруы тиіс деп білеміз: жеке тұлғалық сапалық қасиеттерден; жеке тұлғалық сапалық қасиеттерді танып, білуге даярлығынан.

Жоғарыдағы жүргізілген зерттеулер мен талдауларға сүйене отырып, біз *«болашақ мұғалімдердің ізгілік қасиеттері деп, жеке тұлғалық сапалық қасиеттерді (жақсы мінез-құлықты, оларды мазмұндық, іс-әрекеттік тұрғыдан игеруі) меңгеруін және оларды танып білуін, оларға өзіндік бағдар алуын, оқу-тәрбие үдерісін ізгілік үдеріс негізінде ұйымдастыруға ұмтылысын (даярлығын) түсінеміз»*.

Мектеп қабырғасындағы оқушылардың ізгілік қасиеттерін қалыптастырудың іс-әрекетті құраушы құрылымдарын Г.К.Байдільданова, Н.Д.Иванова тағы басқалар зерттеу жұмыстарына және тұтас педагогикалық үдерістің тұжырымдамасына талдау жүргізген. Болашақ ұстаздарды кәсіби даярлау мәселесін шешуге О.А.Абдуллина, Ю.П.Азаров және т.б. өз еңбектерін арнаған. Осы және т.б. педагог-ғалымдардың еңбектерін талдау негізінде мұғалімдерге қойылатын негізгі талаптардың белгіленгендігін, бүгінгі таңдағы мұғалімнің тұлғалық үлгісінің жасалынғандығын, оның кәсіби даярлығын қалыптастыру барысында ізденіс жұмыстарының жүргізілгендігін байқауға болады.


Ал болашақ мұғалімдердің, оның ішінде педагог-психологтың ізгілік қасиеттерін қалыптастыру мәселесі әлі зерттеле қоймағанын көрсетеді.

Бұл мәселенің теориялық негіздерін жасау *«болашақ мұғалімдердің ізгілік қасиеттерін қалыптастыру»* ұғымының мәнін анықтауды қажет етеді. И.П.Подласый мінез-құлықтың қалыптасуының мынадай үлгісін ұсынады: мінез-құлық нормалары мен ережелері жөніндегі білімді меңгеруі → сенімнің қалыптасуы → сезімнің қалыптасуы және бұл тізбектен бөлек олардың әрқайсысы жеке-жеке мінез-құлықтың қалыптасуына бағытталады. «Модель» термині латынның «modus» сөзінен шыққан. Ол «өлшем», «әдіс», «бейне» деген ұғымдарды көрсетеді. Педагогика ғылымында модельдеудің бірнеше үлгілері кездеседі.

«Модель» - үлгі, сұлба, өрнек, өң, кейіп деген ұғымдарды да білдіреді. Сондай-ақ ғылыми зерттеулерде «модель» ұғымының орнына түрлі ұғымдар қолданыс табуда. Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Модель – бір нәрсенің жалпылама алғандағы жобасы, сұлбасы» ретінде қарастырылса, «модельдеу – шамалау, жобалау, долбарлау» үдеріс, әрі әдіс ретінде қарастырылады.

Сонымен, зерттеуімізде теориялық модельдеу әдісін басшылыққа ала отырып, зерттеліп отырған сапалық қасиеттерді педагогикалық үдерістің құраушылары тұрғысынан қарастыру арқылы, мұғалімдердің ізгілік қасиеттерін қалыптастырудың моделін сипаттадық (Сурет 1).

1-сурет. Болашақ мамандардың оқу-тәрбие үдерісінде ізгілік қасиеттерін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі



2 – сурет. Болашақ мамандардың оқу-тәрбие үдерісінде ізгілік қасиеттерін қалыптастырудың құрылымдық компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1	2	3
Мақсатты-мотивациялық	Педагогикалық үдерістерде ізгілік қасиеттерді танып білуге ұмтылысы, олардың мәнін және ізгілік қасиеттердің қалыптануын ұғынуға ынта-ықыласы	- ізгілік қасиеттерді қажеттілік деп ұғады; - ізгілік қасиеттердің мазмұнын түсініп, оны жоғары бағалайды; - педагогикалық үдерістегі ізгілік қасиеттерді танып білуге ұмтылады; - педагогтың ізгілік қарым – қатынасын айқындай алады.
Мазмұндық және мінез-құлықтық	Ізгілік қасиеттер және олар жөніндегі білімі; ізгілік қасиетке тән мінез-құлық қасиеттері	- ізгілік қасиетке тән өзінің сапалық белгілері; - ізгілік қасиеттер жөніндегі білімі; - педагогикалық үдерістегі ізгілік қасиеттер жөнінде танып біледі; - педагогта болуы тиіс ізгілік қасиеттер бойынша білімін жетілдіреді.
Іс-әрекеттік	Ізгілік қасиеттерді танып білу іскерлігі мен дағдылары	- ізгілік қарым-қатынас жасай алады; - ізгілік қасиеттерді, құбылыстарды айқындау іскерлігі; - педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда ізгілік қарым-қатынас жасай алады; - педагогикалық үдерісті ізгілік қарым-қатынас тұрғысынан ұйымдастыруға әдістемелік көмек бере алады

Мұғалімдер төмендегідей ізгілік қасиеттерді танып білуі үшін олар міндетті түрде оқу пәні мазмұнында қамтылуы тиіс. Олар:

- 1) (Қ.Әтемова бойынша): жүректің қызметіне тән ізгілік қасиеттер; ақылға, білімге тән ізгілік қасиеттер; қайратқа, іс-әрекетке тән ізгілік қасиеттер;
- 2) Көркем мінезді сипаттайтын қасиеттер (Н.Манаев бойынша);
- 3) Тұлғаның мейірімді қасиетін сипаттайтын ерекшелік белгілері (Ш.А.Амонашвили бойынша);
- 4) адамның ізгілік қасиетіне жат жаман әдеттер, ізгілік қасиетке жат жағымсыз әрекеттер.

Қорыта келе, ізгілік адамның өзіне және өзгелерге жасаған жақсы, игі істері екенін, ал ізгілікке тән мейірімділік, сүйіспеншілік, сыйластық, қайырымдылық сияқты қасиеттер адамды тек жақсылыққа жеткізетінін бәріміз білеміз. Сол себепті бойымыздағы ұстаздық құндылықты жоғалтпай, тек дұрыс іс - әрекет жасап, болашақ мамандарды тәрбиелеуде сүйіспеншілік пен ақиқат жолында, адамгершілік пен ізгілік арқасында ішкі тыныштығымызды орната білейік!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тәлім-тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан мұғалімі, -Алматы, 1993, ақпан.

2. Қожахметова К.Ж. Рухани-адамгершілік тәрбиенің негіздері.-Алматы: Қазақ университеті, 2012.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
4. Әтемова Қ.Т. Оқушылар бойында гумандық қасиеттерді дамытудағы отбасының рөлі.- Алматы, 2002.

Аннотация. Казахстанской школе крайне необходим педагог высокой культуры, способный к рефлексии, к контролю и коррекции своих действий и поступков, педагог-интеллигент, способный не только красиво говорить, но и внимательно слушать, глубоко понимать другого человека. Интеллигентность неразрывно связана с нравственностью, с познанием ценностей и особенностей другой личности, с установкой на конструктивный диалог, со стремлением понять и оценить каждую личность, с проявлением отзывчивости, с готовностью помочь.

Annotation. The Kazakh school needs the teacher of high culture who can control and correct his activity, teacher-intelligent who can not only speak but also can listen attentively, and who can understand other people. Intelligence is connected with morality, with the knowledge of value and peculiarities of another person. The person should communicate with other person, understand and appreciate every person and should be ready to help.